

**Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ**

2023 жыл «27» қазан

Кеңестің толық атауы: Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 12 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің **Қамқоршылық кеңесі**

Кеңестің орналасқан жері: Шахан кенті, 14-орам 6Ақұрылыс

Отырыстың өткізілетін жері: ҚО ББ Шахтинск қаласы ББ «№12 жалпы білім беретін мектебі» ММ

**Қамқоршылық кеңесіне
қатысқандар(ҚК мүшелері): 14
Қатыспағаны: 0**

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қамқоршылық кеңесін құру туралы 2023 жыл 28 қыркүйектегі №181 бұйрықпен таныстыру және қамқоршылық кеңестің төрағасын сайлау.
2. Қамқоршылық кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

Қамқоршылық кеңесін құру туралы 2023 жыл 28 қыркүйектегі №181 бұйрықпен таныстыру және қамқоршылық кеңестің төрағасын сайлау туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Бірінші сұрақ бойынша Суюнжанова Алия Мейрамовна - қамқоршылық кеңесінің мүшесі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына №2 қосымшасына 2023 жылғы 1 наурыздағы №56 өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты Қамқоршылық кеңесінің құрамы жаңартылды. Сондықтан сіздерді Қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамымен және аталмыш кеңесті құру туралы Қарағанды облысы білім басқармасының «Шахтинск қаласының білім бөлімі» ММ басшысының 2023 жылғы 28 қыркүйектегі №181 бұйрығымен таныстырмақпын.

(Қамқоршылық кеңесінің құрамы қоса беріледі)

Кеңестің жаңа құрамына жаңа ережеге сай төмендегідей адамдар кіреді:

- 1) осы білім беру ұйымындағы білім алушылардың ата-аналары немесе заңды өкілдері (әрбір сынып параллелынен осы білім беру ұйымындағы білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі) – 11 адамнан аспайды;
- 2) педагогикалық еңбек ардагерлері (бар болса) – 1 адам;

- 3) жергілікті өкілді және/немесе атқарушы, және/немесе құқық қорғау органдарының өкілдері – 1-3 адам;
- 4) үкіметтік емес (коммерциялық емес) ұйымдардың өкілдері – 1-2 адам;
- 5) қайырымдылық жасаушылар және/немесе меценаттар (бар болса) – 1-2 адам;
- 6) бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері (бар болса) – 1 адам;
- 7) оқушылық өзін-өзі басқару органдарының өкілдері – 1-2 адам кіреді.

Сонымен мектептің қамқоршылық кеңесі құрамына 14 адаммен бекітілді.
Сонымен қамқоршылық кеңестің төрағасына Сарсенбаева Гауһар Алтайбаевнаны ұсынамын.

Дауыс берді:

«иә» - 14

«жоқ» - 0

«қалыс қалды» - 0

ШЕШІМ:

Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып Сарсенбаева Гауһар Алтайбаевна тағайындалсын.

ТЫНДАЛДЫ:

Қамқоршылық кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Екінші сұрақ бойынша Алибатинова Илья Бахрадиновна – қамқоршылық кеңесінің мүшесі.

Қамқоршылық кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына төмендегі мәселелерді кіргізуді ұсынды.

- Балалардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына және қауіпсіздігіне үштік одақпен(мектеп, ата-ана, оқушы) қатар қамқоршылық кеңесі де көмек көрсету қажет;

- Балалардың сапалы әрі дұрыс тамақтануын ұйымдастыруды бақылауды;

- Демеушілер тарту арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 8 тамыздағы № 544 Қаулысына сәйкес жекелеген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсету жолдарын қарастыру;

- Жыл ағымында өткізілетін іс-шараларға қатысу. Көрсетілген ұсыныстарды жоспарға енгізу кеңес мүшелерінің ашық дауысқа салынды.

Дауыс берді:

«иә» - 14


«жоқ» - 0

«қалыс қалды» - 0

ШЕШІМ:


Қамқоршылық кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына ұсынылған іс-шараларды кіргізе отырып, жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.

Төрайым
Хатшы



Сарсенбаева Г.А
Рахметжан

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері



Суюнжановна А.М

Рахманова А.М

Сапакова Ж.Б

Ситахметова А.К

Айтан. Ш

Кулкаева К.Т

Эргашева Г.Б

Мухтарова З.Е

Сарсенбаева Н.Ш

Алибатинова И.Б

Ержуманов З.Х

Сейтбекова Г.С

Алимбаева З

